

М.Қозыбаев атындағы СҚМУ СКГУ им. М. Козыбаева	Тармақтарды өзгерту Изменение пунктов	Басылым: бірінші Издание: первое
Ішкі нормативті құжат Внутренний нормативный документ	СҚМУ ІНҚ 99 ВНД СКГУ 99	1 беттің 35 Стр. 1 из 35

*Подраздел 12.5.1, раздел 14.1 введены приказом  
№ ОД-152 от 16.03.2020 г.  
Ст. 9.1, 9.2, 45.1, 103.1, 103.2 введены приказом  
№ ОД-242 от 21.05.2020 г.  
Ст. 29 изменена приказом № ОД-242 от  
21.05.2020 г.*

**БЕКІТЕМІН**

М. Қозыбаев атындағы  
СҚМУ ректорының м.а.

Е. Исакаев  
« 9 » *сәуір* 20 *19* ж

## М. ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СҚМУ ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІ

### КІРІСПЕ

Көпғасырлық тарих барысында университеттер тек білім беру мен зерттеу қызметін ғана емес, студенттердің мәдени және азаматтық тәрбиесінен білім алу процесін бөлмей, біртұтас философия аясында дүниетанымды қалыптастыру мен маманданған даярлық бірлігін сақтай отырып этикалық нормалар мен құндылықтарды дамыту мен таратуды өз миссиялары ретінде санады.

Қазіргі білім беру кеңістігі университеттердің әртүрлілігімен сипатталады, бірақ олардың мәні біртұтас болып қалады: олар зияткерлік элитаның ақыл-ойын қалыптастырады және біріктіреді, интеллигенция қатарын сақтайды және кеңейтеді, қоғамның жасампаз күштерін нығайтады және дамытады.

Жаһандану жағдайында өзекті демократиялық және әлеуметтік құндылықтардың жолсерігі ретінде университеттердің маңызы өсуде, соның ішінде – өзін-өзі көрсету және бірлестіктер еркіндігі, қол жеткізу теңдігі, қоғам алдындағы жауапкершілік, заң билігі, ақиқат үшін ақиқатқа ұмтылу, жоғары білім беруде сыбайлас жемқорлықты қабылдамау және қарсы тұру.

Жоғары білімнің осы құндылықтарына қосылып, университет миссиясын қолдап және өзінің бар күшін оның жүзеге асыруына бағыттай отырып, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің академиялық қоғамдастығының мүшелері Этикалық кодексті институционалдық және корпоративтік мәдениеттің, сондай-ақ сапа мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде қабылдау қажеттілігін мойындайды.

Этикалық кодекстің қолданылу саласы:

- 1) Мақалалардан тұратын осы нормативтік құжат «Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті» ШЖҚ-дағы РМК-да моральдық-этикалық принциптерді, нормаларды, мінез-құлық және іскерлік қарым-қатынас ережелерін қамтиды. (бұдан әрі - университет).
- 2) Бұл Кодекс білім алушыларға, профессорлық-оқытушылық құрамға және университет қызметкерлеріне (бұдан әрі – академиялық қоғамдастықтың мүшелеріне) арналған.
- 3) Этикалық кодекс университеттің академиялық мәдениетін қалыптастыруға, академиялық қауымдастық мүшелерінің арасында Университеттің тиімді білім беру қызметіне және перспективалық дамуына ықпал ететін өзара сыйластық пен сенім атмосферасын құруға бағытталған.

<b>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</b> <b>СКГУ им. М. Козыбаева</b>	<b>Тармақтарды өзгерту</b> <b>Изменение пунктов</b>	<b>Басылым: бірінші</b> <b>Издание: первое</b>
<b>Ішкі нормативті құжат</b> <b>Внутренний нормативный документ</b>	<b>СҚМУ ІНҚ 99</b> <b>ВНД СКГУ 99</b>	<b>2 беттің 35</b> <b>Стр. 2 из 35</b>

- 4) Академиялық қауымдастық мүшелерінің өз міндеттерін орындағаны және университет миссиясын іске асырудағы рөлі үшін жеке жауапкершілігін арттыру. Бұл Кодекс университеттің ішкі құжаты болып табылады, әр адам үшін қол жетімді және университеттің ашықтығы принципі болып табылады.
- 5) Академиялық қоғамдастықтың әрбір мүшесі жұмысқа немесе оқуға түсу кезінде бұл Кодекспен таныстырылуы тиіс.

## 1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Төменде осы Кодексте жиі қолданылатын немесе ең маңызды терминдер:

<b>Академиялық адалдық</b>	Оқуда жазбаша жұмыстарды орындау кезінде (бақылау, курстық, эссе, дипломдық, диссертациялар), зерттеу, презентациялар, сондай-ақ оқу жетістіктерін бағалауда жеке адалдықты дамытуға бағытталған принциптер мен құндылықтардың жиынтығы.
<b>Академиялық қауымдастық мүшелері</b>	Білім алушылар (студенттер, магистранттар, докторанттар), профессор-оқытушылар құрамы және университет қызметкерлері.
<b>Бедел</b>	Университеттің ішкі (қызметкерлердің санасында бар) және сыртқы (тұтынушылардың, билік органдары мен азаматтық қоғам субъектілерінің санасында бар) бейнесі.
<b>Корпоративтік мәдениет</b>	Университеттің алдына қойған мақсаттарына жету үшін топтарды және жеке тұлғаларды біріктіру тәсілін анықтайтын нормалар, құндылықтар, нанымдар, мінез-құлық үлгілерінің жиынтығы. Ол сыртқы ортаның өзгерістеріне және студенттік ұжымның ішкі интеграциясына бейімделуге, мәдени және жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу үшін қажет.
<b>Корпоративтік стиль</b>	Университеттің корпоративтік стилі корпоративтік мәдениеттің негізгі принциптеріне сәйкес миссиялар, стратегиялық мақсаттар мен міндеттер негізінде қалыптасады. Корпоративтік стильдің сыртқы белгілері жоо-ның корпоративтік нышандарында (университет мөрі, хаттың фирмалық бланкісі, елтаңба, гимн және басқа да элементтер) жоо объектілері мен субъектілерін визуалды қабылдау (ғимараттар, құрылыстар, корпоративтік БАҚ, web-сайттар, Internet, жарияланымдар мен ақпараттық хабарламалар) және оның қызметкерлерімен көрінеді.
<b>Миссия</b>	Философия және мақсат, жоо-ның өзге білім беру ошақтарынан айырмашылығы айқын көрінетін жоо-ның жұмыс атқару мәні; университеттің не үшін және қандай мақсатта қызмет атқаратындығы туралы қалыптасқан тұжырым.
<b>Мүдделер қақтығысы</b>	Тұтастай алғанда ұжымның мүдделері мен корпоративтік қатынастарға қатысатын жеке субъектінің немесе субъектілер тобының мүдделері арасындағы таңдау жағдайы.
<b>Стейкхолдер</b>	Университет қызметінің нәтижелеріне мүдделі тұлға (немесе тұлғалар тобы). Университет ішкі стейкхолдерлерге білім беру бағдарламаларының барлық деңгейлері бойынша білім

М.Қозыбаев атындағы СҚМУ СКГУ им. М. Козыбаева	Тармақтарды өзгерту Изменение пунктов	Басылым: бірінші Издание: первое
Ішкі нормативті құжат Внутренний нормативный документ	СҚМУ ІНҚ 99 ВНД СКГУ 99	3 беттің 35 Стр. 3 из 35

алушыларды, профессорлық-оқытушы құрамды және қызметкерлерді жатқызады. Университет сыртқы стейкхолдерлерге түлектерді, жұмыс берушілерді, заңнамалық және уәкілетті органдарды, серіктестерді жатқызады.

**Іскерлік этика** Университет қызметкерлері өз қызметінде басшылыққа алатын этикалық нормалар мен қағидаттардың жиынтығы.

**Іскерлік этикет** Іскерлік хат алмасу, іскерлік қарым-қатынас, жұмысқа қабылдау, басшылыққа өтініш айту секілді әр түрлі іскерлік жағдайлар кезіндегі тәртіптің регламенттелген ережелер жүйесін қамтитын, университет қызметкерлерінің мінез-құлық тәртібі.

## 2. ҚАҒИДАЛАР МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

1. б. Университет өз қабырғасында кез келген қызметті жүзеге асыру кезінде жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдығын тануды қамтамасыз етеді.
2. б. Академиялық қоғамдастық мүшелері ұлттық, нәсілдік, жыныстық немесе өзге белгілеріне қарамастан басқа адамдардың құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтейді және қорғайды.
3. б. Университет студенттер, профессорлық-оқытушы құрам, қызметкерлер, түлектер арасында оқу, ынтымақтастық, шығармашылық, өзара сыйластық, толеранттылық пен сыпайлықты дамыту үшін академиялық ортаның дамуын қамтамасыз етеді.
4. б. Университет оқыту және тәрбиелеу процесінде жеке тұлғаның мүдделерін бұзатын және қоғамның қазіргі моральдық-адамгершілік нормаларына қайшы келетін құралдарға жүгінуіне жол бермейді.
5. б. Университет қандай да бір тұлғаға қатысты физикалық немесе эмоциялық зорлық-зомбылықты, қудалауды және оның физикалық немесе зияткерлік меншігіндегі құқықтарын шектеуді қабылдамайды.
6. б. Академиялық қауымдастық мүшелері университет пен қазақстандық қоғам дәстүрлерінің сабақтастығы мен адалдығын сақтайды.
7. б. Корпоративтік патриотизм, университетке берілгендік, оның мүдделерін және жоғары беделін қорғау академиялық қауымдастық мүшелері үшін негізгі құндылықтар болып табылады.
8. б. Университет тұтастықты, әртүрлілікті, қадір-құрметті, сұраныс пен пікір білдіру бостандығын, сенімді, адал ниеттілікті, адалдықты және әділдікті бағалайды және осы құндылықтарды өзінің білім беру, зерттеу және іскерлік тәжірибесіне біріктіруге ұмтылады.
9. б. Академиялық қоғамдастықтың барлық мүшелері Кодекстің қағидаттары мен ережелерін қолдауға жауапты болады.
- 9.1.б. Университет қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен еңбегін қорғауды қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдайды, сондай-ақ академиялық қауымдастық мүшелері үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасайды.

<b>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</b> <b>СКГУ им. М. Козыбаева</b>	<b>Тармақтарды өзгерту</b> <b>Изменение пунктов</b>	<b>Басылым: бірінші</b> <b>Издание: первое</b>
<b>Ішкі нормативті құжат</b> <b>Внутренний нормативный документ</b>	<b>СҚМУ ІНҚ 99</b> <b>ВНД СКГУ 99</b>	<b>4 беттің 35</b> <b>Стр. 4 из 35</b>

9.2.6. Университет тек заңды негізде барлығына тең мүмкіндіктерді міндетті түрде қамтамасыз етіп, академиялық қоғамдастықтың жекелеген мүшелеріне қандай да бір артықшылықтар мен жеңілдіктер беруге жол бермейді.

### **3. УНИВЕРСИТЕТТІҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРМАСЫ**

10. б. Университет қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне қатаң және уақтылы есеп беруді көздейді.
11. б. Университет өз қызметіне қатысты барлық маңызды фактілер туралы шынайы ақпараттың уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді. Университеттің іскерлік беделінің жоғары деңгейіне ішкі ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету, оны университеттің немесе оның ұжымының жеке мүшелерінің беделіне зиян келтіруде пайдаланбау ықпал етеді.
12. б. Университет қолданыстағы заңнамада көзделген барлық мүдделі тұлғалардың құқықтарын мойындайды және өзінің дамуы мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында осындай тұлғалармен ынтымақтастыққа ұмтылады.
13. б. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ұжымы өзін лайықты бағалайды, өзінің күшті және әлсіз жақтарын анықтай алады, жеке және ұжымдық білім мен дағдыларды жетілдіруді қалайды.
14. б. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ұжымы өз мамандығын жетік білуге, міндеттерге жауапкершілікпен және адал қарауға, қойылған міндеттерді сапалы және уақтылы орындауға, кәсіби деңгейін жетілдіруге кепілдік береді.
15. б. Университет таланттардың жетіліп, ұжым мүшелерінің біліктіліктерін шыңдау үшін жағдайды жасап отырады.
16. б. Университет адами, зияткерлік, материалдық және қаржылық ресурстарды оңтайлы пайдаланған жағдайда барынша нәтижелерге жетеді.
17. б. Университеттің беделі мен имиджі жоғары оқу орындарының дәстүрлерін сақтау және дамыту, үздік тәжірибені иелену мен оны білім, ғылым және мәдениет орталығы ретінде университеттің даму бағытын анықтайтын жаңа идеялармен байыту жолы арқылы қолдау табуда.
18. б. Академиялық қауымдастықтың мүшелері аға ұрпаққа құрмет көрсетуді, оның еңбегін мойындауды, дәстүрлерді сақтауды және көбейтуді, университеттің еңбек сіңірген қызметкерлеріне құрмет көрсетуді және мадақтауды танытады.
19. б. Университет қызметкерлердің материалдық және материалдық емес сыйақысының тиімді жүйесін құруға ұмтылады.
20. б. Ұжымның алдына қойған мақсаттарына әзірленген және өзінің тиімділігін дәлелдеген идеялар, құндылықтар, нанымдар негізінде және әркімнің күш-жігерін ерікті біріктіру жолымен қол жеткізіледі. Ұжымдағы қарым-қатынас өзара түсіністік, қолдау, көмек, ынтымақтастық негізінде құрылады.

### **4. СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС**

21. б. Университеттің стейкхолдерлермен қарым-қатынасының басты қағидасы – жауапкершілік және адалдық. Университет уақытында және толық көлемде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға

<b>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</b> <b>СКГУ им. М. Козыбаева</b>	<b>Тармақтарды өзгерту</b> <b>Изменение пунктов</b>	<b>Басылым: бірінші</b> <b>Издание: первое</b>
<b>Ішкі нормативті құжат</b> <b>Внутренний нормативный документ</b>	<b>СҚМУ ІНҚ 99</b> <b>ВНД СКГУ 99</b>	<b>5 беттің 35</b> <b>Стр. 5 из 35</b>

міндетті стандарттары деңгейінде білім беру қызметтерін ұсынады.

22. б. Университет жоғары іскерлік беделге қолдау көрсетіп, шарттық міндеттемелерді қатаң сақтайды.
23. б. Университет өз қызметі туралы, соның ішінде білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы ақпаратты жариялайды. Жұртшылыққа ұсынылатын ақпарат анық, дәл, объективті, өзекті және қолжетімді болып табылады.
24. б. Жоғары сапалы қызметтерді ұсына отырып, университет барлық мүдделі тұлғалармен жемісті ынтымақтастықты дамытуға ұмтылады.
25. б. Университет жоспардың негізінде білім беру қызметінің сапасын және өз қызметін жетілдіру мәселелері бойынша мүдделі тұлғалар арасында сауалнама жүргізу мен пікірді анықтау жұмыстарын жүргізеді.

## **5. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ МҮШЕЛЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС**

26. б. Академиялық қоғамдастық мүшелері қарым-қатынасты адалдық, жауапкершілік қағидаттарында құрады: өзге тұлғаларға дөрекілік көрсетуге, ар-ожданына және абыройына нұқсан келтіруге, оларға моральдық немесе материалдық зиян келтіруге, құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасауға жол берілмейді.
27. б. Әр түрлі құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің өзара қарым-қатынасының әртүрлі формалары құпталады: жұмыс мәселелерін бірлесіп талқылау және шешу, жобаларды орындау, жұмыс топтарын құру, бірлескен жұмыс тың нәтижелерін талдау .
28. б. Жұмыс процесінде туындайтын қиын мәселелерді шешу кезінде академиялық қоғамдастық мүшелері бірінші кезекте әділдік, ізгілік қағидаттарын, осы Кодекстің ережелерін, қолданыстағы заңнаманы және азаматтық құқықтарды қорғайтын құжаттарда көрсетілген басқа да ережелерді басшылыққа алады.
29. б. **Университетте тұлғаның қадір-қасиетін кемсітудің кез келген әдістеріне тыйым салынады.** Барлық қызметкерлер басшылыққа алатын негізгі қағидаттар – іскерлік этикаға негізделген өзара құрмет, ұжым мүшелері арасындағы қарым-қатынаста әділдік пен адалдық.
30. б. Университет Академиялық адалдық мәдениетін университет қауымдастығында қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Академиялық адалдық қағидалары, университеттік қауымдастық мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, академиялық адалдықты бұзу түрлері және оларды жасаған жағдайда әкімшілік шараларды қабылдау тәртібі М. Қозыбаев атындағы СҚМУ Академиялық адалдық ережелерінде белгіленген.

## **6. УНИВЕРСИТЕТ БАСШЫЛЫҒЫ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС**

31. б. Басшылар мен бағыныштылар арасында конструктивті кәсіби қарым-қатынас жасау ЖОО-ның тиімді жұмыс істеуі үшін және оның болашақ дамуы үшін қажет.
32. б. Университет қызметкерлермен ұзақ мерзімді қызметтестік, өзара міндеттемелерді құрметтеу және нақты орындау қағидаттары негізінде қарым-

<b>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</b> <b>СКГУ им. М. Козыбаева</b>	<b>Тармақтарды өзгерту</b> <b>Изменение пунктов</b>	<b>Басылым: бірінші</b> <b>Издание: первое</b>
<b>Ішкі нормативті құжат</b> <b>Внутренний нормативный документ</b>	<b>СҚМУ ІНҚ 99</b> <b>ВНД СКГУ 99</b>	<b>6 беттің 35</b> <b>Стр. 6 из 35</b>

қатынас жасайды. Университет басшылығы мен қызметкерлер өз қызметін атқарған кезде еңбек шартында көрсетілген барлық талаптарды ескеруге міндетті.

33. б. Жұмыс мәселелері бойынша басшылық пен бағыныштылардың қарым-қатынас жасау кезінде, кез келген тараптан қысым жасауға, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға және университеттің ішкі регламентіне, әділдік қағидаттарына және университет мүдделеріне сәйкес келмейтін шешімдерді әзірлеуге жол берілмейді.
34. б. Бірдей лауазымдық деңгейдегі қызметкерлер арасында туындаған мәселелерді жұмыс тәртібімен шешуге жол беріледі, егер бұл жұмысқа неғұрлым тиімді ықпал ететін болса. Басшылықты тартпай бірдей деңгейдегі қызметкерлердің ағымдағы мәселелерін шешу құпталады (олардың құзыреті шегінде).
35. б. Басшылық адами ресурстарды табысты қызметтің және тұрақты жетілдіру көзі ретінде қарастырады. Қызметкерлердің жеке мүдделері мен олардың басымдық беретін құндылықтары ескеріледі, қызметкердің потенциалын дамытуға, оның әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуге көңіл бөлінеді.
36. б. Университеттің барлық оқытушылары мен қызметкерлері меритократия қағидатына сәйкес мансаптық өсу саласында тең мүмкіндіктерге ие.
37. б. Университет ұжымы мен басшылығы әр оқытушы мен қызметкердің жеке ерекшеліктеріне назар аударады. Барлық оқытушылар мен қызметкерлер университетте жұмыс уақытының ұзақтығына, жұмыстың орындалу сапасына байланысты көтермелеу жүйесіне сәйкес жалақыға ынталандыратын үстемеақыларға құқылы.
38. б. Университет академиялық қауымдастықтың барлық мүшелеріне үкіметтік марапаттарға, ҚР БҒМ марапаттарына, түлектер Ассоциациясына, жоғары тұрған облыстық ұйымдарға, университет басшылығымен және қоғамдық ұйымдарымен марапаттауға, әр түрлі конкурстарға қатысуға мүмкіндік береді
39. б. Университет академиялық қауымдастықтың барлық мүшелеріне корпоративтік марапаттарға және ерекшеліктерге ие болуға мүмкіндік береді:
  - «М. Қозыбаев атындағы СҚМУ» Үлкен Алтын медалі;
  - «Академик Манаш Қозыбаев» медалі;
  - құрмет грамотасы;
  - алғыс хат;
  - М. Қозыбаев атындағы СҚМУ құрметті профессоры.
40. б. Университет академиялық қауымдастықтың барлық мүшелеріне біліктілікті арттыру жүйесі арқылы кәсіби дайындық деңгейін арттыруға; ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде университеттің кітапхана қорын, кабинеттер мен зертханалардың оқу-әдістемелік жабдықтарын пайдалануға; ғылыми, практикалық, әдістемелік конференцияларға, конкурстарға қатысуға, өз жұмыстарын жариялауға, соның ішінде университет басылымдарына ұсынуға мүмкіндік береді.
41. б. Оқытушылар мен қызметкерлер университет дамуының мақсаттары мен міндеттеріне және оның зияткерлік меншігінің басымдықтарын сақтай отырып,

<b>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</b> <b>СКГУ им. М. Козыбаева</b>	<b>Тармақтарды өзгерту</b> <b>Изменение пунктов</b>	<b>Басылым: бірінші</b> <b>Издание: первое</b>
<b>Ішкі нормативті құжат</b> <b>Внутренний нормативный документ</b>	<b>СҚМУ ІНҚ 99</b> <b>ВНД СКГУ 99</b>	<b>7 беттің 35</b> <b>Стр. 7 из 35</b>

білім және зерттеу нәтижелерімен алмасуға ықпал етеді.

42. б. Академиялық ар-намыс ортасын құру үшін, университет академиялық қауымдастықтың барлық мүшелеріне жеке немесе өкілетті тұлғалар (Ғылыми кеңес мүшелері, ректорат және т.б.) арқылы университет қызметінің маңызды мәселелерін талқылауға және шешуге қатысуға, университет қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.
43. б. Академиялық қауымдастық мүшелері университет мүддесіне, оның беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттер жасамайды, олардың абыройы мен беделіне нұқсан келтіретін кез келген іс-әрекеттердің жолын кеседі, университет мүдделері мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін ешқашан кез келген ақпаратты қолданбайды.
44. б. Университет академиялық қауымдастықтың барлық мүшелеріне құқық қорғау органдарында, сот органдарында, егер ол үшін негіз болса, өзінің ар-намысын, қадір-қасиетін және кәсіби құзыреттілігін қорғауға мүмкіндік береді.
45. б. Академиялық қауымдастық мүшелері тұлғалық сипаттамаларға қол жеткізуге ұмтылуы тиіс:
- кәсіби құзыреттілік пен кәсіби шеберлікті жетілдіруде үнемі жұмыс істейтін өз ісінің кәсіпқойлары;
  - қызметтік міндеттерді орындауға жауапты және адал қарау, еңбек және оқу тәртібі талаптарын сақтау үлгісі;
  - жоғары мәдениетті, ақылақ пен адамгершілікті, Академиялық адалдық пен парасаттылықты тасушылар;
  - ұжымдағы шынайы адамгершілік ахуалын жасаушылар, тәртіпсіздік, мәдениетсіздік және жауапсыздық көріністерінің бірбеткей қарсыластары;
  - өз мамандығының патриоттары, оның құндылықтары мен қағидаларын сақтап қалу;
  - ұлттық жоғары білім беру жүйесінің ең үздік дәстүрлерін көбейтуге және оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге жеке үлес қосуға ұмтылатын өкілдері.

45.1.б. Академиялық қауымдастық мүшелері ҚР шегінде де, шет елге де (жалғыз акционердің келісімі бойынша) іссапарға жіберілуі мүмкін.

## **7. ОҚЫТУШЫЛАР МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС**

46. б. Оқытушылар мен білім алушылар академиялық ынтымақтастық пен ашықтық қағидаттарында өзара қарым-қатынас жасайды, өйткені академиялық емес сипаттағы міндеттемелермен байланыстылық мүдделер қақтығысына себеп болуы мүмкін.
47. б. Оқытушылар білім алушылардың білімін, шеберліктері мен қабілеттерін адал және курс бағдарламасында белгіленген өлшемдерге негіздеп әділ бағалауы тиіс.
48. б. Оқытушыларға білім алушылар туралы құпия ақпаратты жариялауға тыйым салынады.



<b>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</b> <b>СКГУ им. М. Козыбаева</b>	<b>Тармақтарды өзгерту</b> <b>Изменение пунктов</b>	<b>Басылым: бірінші</b> <b>Издание: первое</b>
<b>Ішкі нормативті құжат</b> <b>Внутренний нормативный документ</b>	<b>СҚМУ ІНҚ 99</b> <b>ВНД СКГУ 99</b>	<b>8 беттің 35</b> <b>Стр. 8 из 35</b>

49. б. Білім беру үрдісі шеңберінде оқытушылар мен білім алушылардың өзара қарым-қатынасы М. Қозыбаев атындағы СҚМУ Академиялық саясатымен және М. Қозыбаев атындағы СҚМУ Академиялық адалдық ережелерімен реттеледі.
50. б. Білім алушылар волонтерлік қозғалысқа қатысуға құқылы. Университет оқытушылары растайтын құжаттар болған жағдайда, волонтерлік қызметті жүзеге асыру себебі бойынша жіберілген сабақтар үшін баллдарды пысықтауға кедергі келтірмеуі тиіс. Баллдарды жетілдіру М. Қозыбаев атындағы СҚМУ академиялық саясатының 3.14 т. сәйкес жүзеге асырылады.
51. б. Оқу үдерісіндегі өзара қарым-қатынастың тиімділігі үшін білім алушы:
- кәсіби білімнің, біліктіліктің және құзыреттіліктің сапалы негіздерін алуға ұмтылуға;
  - академиялық ар-намыс қағидалары мен қағидаларын сақтауға;
  - сабаққа қатаң белгіленген уақытта келуге;
  - кестеге сәйкес күн сайын барлық оқу сабақтарына қатысуға;
  - теориялық және практикалық сабақтар, мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізу кезінде ұялы телефонды қолданбауға;
  - сыртқы киім мен бас киімді киім ілетін орынға тапсыруға;
  - қоғамдық және жеке гигиена ережелерін сақтауға;
  - еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға міндетті.

## **8. СЫРТҚЫ ҚҰРЫЛЫМДАРМЕН ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС**

52. б. Университет өз қызметінде білім беру және ғылыми мекемелермен, қоғамдық ұйымдармен, мемлекеттік және коммерциялық құрылымдармен қызмет істеп келеді.
53. б. Университет сыртқы құрылымдармен қарым-қатынаста келесі қағидаттарды басшылыққа алады:
- өз міндеттемелерін орындау кезіндегі жауапкершілік және жүйелілік;
  - этикалық нормаларды ұстану;
  - қарым-қатынастағы адалдылық;
  - іскерлік этиканың жоғары стандарттарын қолдау;
  - ұсынылатын ақпараттың шынайылығы;
  - ақпараттық айқындылық және ашықтық;
  - келіспеушіліктер мен даулар туындаған жағдайда ымыраға келу.
54. б. Университет бұқаралық ақпарат құралдарымен ашық және адал қарым-қатынасты қолдайды, оларға өз қызметі туралы ақпарат береді.
55. б. Университет қандай ақпараттың құпия екенін нақты регламенттейді.
56. б. Белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарына мәліметтер беретін академиялық қоғамдастықтың мүшелері, олардың ақиқаттығы және ондағы



<b>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ СКГУ им. М. Козыбаева</b>	<b>Тармақтарды өзгерту Изменение пунктов</b>	<b>Басылым: бірінші Издание: первое</b>
<b>Ішкі нормативті құжат Внутренний нормативный документ</b>	<b>СҚМУ ІНҚ 99 ВНД СКГУ 99</b>	<b>9 беттің 35 Стр. 9 из 35</b>

қызметтік және коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің, сондай-ақ құпия сипаттағы мәліметтердің болмауы үшін дербес жауапты болады.

57. б. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттестікте университет оқытушылары мен қызметкерлері:
- университет мүддесінде әрекет етеді, оның беделін қолдайды, оның мүдделеріне зиян келтіретін іс-әрекеттер жасамайды;
  - өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында алынған ақпаратты басқа мақсатта қолдануға жол бермейді;
  - дәйексіз немесе құпия ақпаратты таратуға жол бермейді.
58. б. Университет қызметі туралы ақпаратты таратудың негізгі қағидаттары М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың беделін көтеру және корпоративтік беделін нығайту жөніндегі саясатта айқындалған.

## **9. ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЭТИКАСЫ**

59. б. Университет зерттеу және академиялық еркіндікті, жеке қол сұқпаушылықты және зерттеудің адалдығын ұсынады.
60. б. Ғылыми-зерттеу қызметі зияткерлік және шығармашылық өзін-өзі көрсетуге, өзара сенімге, білім беру процесінің барлық қатысушылары арасында ашық ақпарат алмасуға, авторлықты құрметтеуге, басқа ғалымдардың жетістіктерін дұрыс пайдалануға негізделген.
61. б. Университет жас ғалымдарды оқытуға және қолдауға ерекше көңіл бөледі, ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық жасайды және қажетті жағдай жасайды.
62. б. Зерттеуші нақты ғылыми салаларға қолданылатын халықаралық танылған этикалық ережелер мен стандарттарды сақтайды және ұстанады.
63. б. Зерттеуші М. Қозыбаев атындағы СҚМУ Академиялық адалдық ережелерін сақтайды.
64. б. Зерттеуші медициналық-биологиялық, әлеуметтік және өзге де зерттеулер жүргізу кезінде сыналушылардың құқықтарын қорғауға арналған ережелерді сақтайды.
65. б. Зерттеуші адамдарға, жануарларға және қоршаған ортаға зерттеулердің қолайсыз әсерін барынша азайтуға ұмтылады, биоэтика және экология қағидаттарын ұстанады.
66. б. Зерттеуші басқа біреудің зияткерлік меншігін иемденуге жол бермейді.

## **10. САЯСИ ЖӘНЕ ДІНИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЭТИКАСЫ**

67. б. Университет қандай да бір діни қозғалыстардың мүддесін жақтамайды. Сонымен қатар оқу орнына және оның қызметкерлеріне қауіп төндіретін мәселелер бойынша пікірталастарға қатысу құқығын өзіне қалдырады.
68. б. Саяси партиялар мен діни бірлестіктердің қызметіне қатысатын академиялық қоғамдастықтың мүшелері тек бос уақытында және университет өкілдері ретінде емес, тек жеке тұлғалар ретінде әрекет ете алады.

<b>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ СКГУ им. М. Козыбаева</b>	<b>Тармақтарды өзгерту Изменение пунктов</b>	<b>Басылым: бірінші Издание: первое</b>
<b>Ішкі нормативті құжат Внутренний нормативный документ</b>	<b>СҚМУ ІНҚ 99 ВНД СКГУ 99</b>	<b>10 беттің 35 Стр. 10 из 35</b>

69. б. Академиялық қоғамдастық мүшелерінің саяси және діни қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмеуі тиіс.
70. б. Университет қандай да бір дінге тиістілігін көрсететін киім мен атрибутиканы құптамайды.

## **11. САПА МӘДЕНИЕТИ**

71. б. Университет білім беру бағдарламаларының сапасын үнемі арттыру және үздіксіз жетілдіру мәдениетін дамыту үшін қажетті ұйымдастырушылық құрылым, ішкі құжаттар, көрсеткіштер, процестер мен ресурстардың жиынтығы ретінде сапа мәдениетін қалыптастыру мен дамытуды қамтамасыз етеді.
72. б. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да үздіксіз жетілдіру мәдениетін дамыту және сапасын қамтамасыз ету бойынша негізгі қағидаттар мен негізгі механизмдер Сапаны ішкі қамтамасыз ету саясаты мен Стандарттарында белгіленген.

## **12. КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА**

73. б. Корпоративтік этика академиялық қауымдастық мүшелерін бірыңғай әлеуметтік организмге біріктіретін негізгі элемент болып табылады. Қызметтің адамгершілік бағдарларын нақты түсіну барлық бөлімшелердің үйлесімді жұмысы үшін қажет. Жоғары этикалық стандарттарды ұстану, ұжымда және сыртқы серіктестермен, қоғаммен және мемлекетпен қарым-қатынаста сенімді сақтауға және нығайтуға көмектеседі.

### **12.1. Жиналыстар мен кеңестердегі тәртіп**

74. б. Университет алқалы шешімдер қабылдау үшін қажетті ынтымақтастықтың негізгі нысандары ретінде жиналыстар мен мәжілістерді белгілейді.
75. б. Өнімді ынтымақтастықтың негізі – жиналыстарды өткізудің барынша тиімділігі, бөлінген уақытты тиімді пайдалану, этикалық нормаларды сақтау болып табылады.
76. б. Академиялық қауымдастық мүшелеріне жиналыс пен кеңестерде іскерлік этикеттің келесі нормалары мен ережелерін сақтау қажет:
- күн тәртібімен алдын ала танысу;
  - кешіпеу;
  - барлық қажетті материалдарды өзімен бірге алып жүру;
  - алдын ала сұрақтар мен түсініктемелерді дайындау;
  - жиналыс немесе кеңес басталар алдында ұялы телефонды өшіру;
  - сөз сөйлеуге қанша уақыт бөлінетінін алдын ала анықтау (регламентті асыра пайдалану туралы төраға ескертеді);
  - келесі сөз сөйлеушілердің уақытын қысқарту арқылы өз сөзін созбау;
  - сөз сөйлеушіні таныстыра отырып, оның тегін, атын, әкесінің атын, лауазымын, оның сөз сөйлеудегі негізін және тақырыбын атау;
  - күн тәртібінде қаралған мәселе мен тақырыптарды талқылаудан алаңдамау;

<b>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ СКГУ им. М. Козыбаева</b>	<b>Тармақтарды өзгерту Изменение пунктов</b>	<b>Басылым: бірінші Издание: первое</b>
<b>Ішкі нормативті құжат Внутренний нормативный документ</b>	<b>СҚМУ ІНҚ 99 ВНД СКГУ 99</b>	<b>11 беттің 35 Стр. 11 из 35</b>

- жеке мәселелерді шешу үшін жиналысты пайдаланбау.

## **12.2. Телефон арқылы сөйлесу мәдениеті**

77. б. Академиялық қауымдастық мүшелерінің әріптестермен және басқа да мүдделі тұлғалармен телефон арқылы сөйлесе білуі жалпы университет туралы жағымды әсер қалдырады.
78. б. Академиялық қауымдастық мүшелеріне телефонмен сөйлесу барысында іскерлік этикеттің келесі нормалары мен ережелерін басшылыққа алу ұсынылады:
- телефон қоңырауына мүмкіндігінше тез жауап беру;
  - телефонға қоңырау шалып немесе оған жауап бере отырып, өз атын, лауазымын және бөлімшені атау қажет;
  - телефонмен сөйлесудің басында телефон қоңырауы бағытталған тұлғадан сөйлесу ыңғайлы екендігі туралы сұраңыз;
  - әңгімелесушіні мұқият тыңдау қажет, егер сізде сөйлесуді жалғастыру үшін уақыт болмаса, хабарласып тұрған тұлғадан кешірім сұрап, оның кейінірек қоңырау шалуын сұраңыз;
  - ереже бойынша телефонмен сөйлесуді хабарласушы аяқтау қажет;
  - жеке сұрақтар бойынша қоңырау шалу ұсынылмайды, қажет болған жағдайда барынша тез әңгімелесу қажет;
  - ауқымды ақпаратты беру үшін электрондық поштаны пайдалану;
  - қажетті адам жұмыс орнында болмаған жағдайда, қай уақытта хабарласуға болатындығы туралы сұрау керек немесе аты-жөніңізді және телефон нөміріңізді қалдыру керек;
  - егер қазіргі уақытта жұмыс орнында жоқ әріптесіңізге қоңырау шалып жатса, оны табуға көмектесу қажет немесе оған арналған хабарламаны қабылдап, қайда және кімге қайта хабарласу керектігін анытап алу қажет;
  - егер сөйлесу барысында байланыс үзілген болса, қоңырау шалушыға қайта хабарласқан жөн;
  - егер қоңырау шалушы дұрыс емес нөмірді терсе, ол терген нөмірді сыпайы түрде анықтап, хабарласушыны түзету керек.

## **12.3. Академиялық қоғамдастық мүшелерінің сыртқы келбеті**

79. б. Академиялық қауымдастықтың әр мүшесінің сыртқы келбеті университет беделінің негізі. Сыртқы келбет атқаратын лауазымға сәйкес келуі тиіс.
80. б. Оқытушылар, қызметкерлер және білім алушыларға келесі іскерлік киім кию ережелерін ұстану ұсынылады:
- киімнің стилі консервативті және ұстамды болуы тиіс;
  - киім таза және ұқыпты, пішінге сай болуы керек;
  - университетте шолақ шалбармен немесе спорттық киімде жүруге жол берілмейді (дене шынықтыру және спорт бойынша оқу сабақтарын

<b>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</b> <b>СКГУ им. М. Козыбаева</b>	<b>Тармақтарды өзгерту</b> <b>Изменение пунктов</b>	<b>Басылым: бірінші</b> <b>Издание: первое</b>
<b>Ішкі нормативті құжат</b> <b>Внутренний нормативный документ</b>	<b>СҚМУ ІНҚ 99</b> <b>ВНД СКГУ 99</b>	<b>12 беттің 35</b> <b>Стр. 12 из 35</b>

қоспағанда);

- әйелдерге ашық көйлектерді, қысқа белдемшелерді киюге және ерекше көзге түсетін әшекейлерді тағу ұсынылмайды;
- әйелдерге табиғи түстерге келетін күнделікті макияжды қолдану ұсынылады;
- ерлерге сағаттардан, неке сақинасынан, галстукка сәйкес келетін қайырма ілмек пен байлау қысқышынан басқа аксессуарды тағу ұсынылмайды;
- шаш таза және таралған болуы керек;
- білім алушылар, интерндер және Медицинаның жоғары мектебі сабақтарда белгіленген ұзындықтағы медициналық халатта, медициналық қалпақта болуы, халатта бейдж киіп, студенттің тегі, аты, топ нөмірі көрсетілуі тиіс.

#### **12.4. Корпоративтік нышандар мен марапаттар**

81. б. Корпоративтік символдар корпоративтік мәдениеттің құраушы – маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Олардың сапа критерилері жеңіл танылып, көркем және эстетикалық құндылық, жалпы университеттің, сондай-ақ оның қызметкерлері мен студенттерінің өзін-өзі сәйкестендіру қабілетінің айқындылығы болып табылады.
82. б. Университеттің корпоративтік нышандары ЖОО-ның барлық құрылымдық бөлімшелері үшін бірыңғай. Оларды өзгерту тек ерекше жағдайларда және университет ректорының келісімімен ғана мүмкін болады.
83. б. Корпоративтік символдарға: университеттің іскерлік қызметінің атрибуттары (университет мөрі, фирмалық хат бланкісі), сонымен қатар Елтаңба, Әнұран, фирмалық түстер (көгілдір және сары), университеттің Web-сайты жатады.
84. б. Елтаңба ортасынан ұшып шығатын құстары бар ашық кітап орналасқан, ал шеңбердің бойында университеттің толық атауы жазылған.
85. б. Этикалық кодексті, оның стандарттары мен нормаларын енгізу процесі заманауи ақпараттық коммуникациялардың дамуымен сүйемелденуі тиіс. Корпоративтік коммуникация жүйесі университетте болып жатқан нақты оқиғалардың толық және жеткілікті түрде көрсетілуін қамтамасыз етуі тиіс. Корпоративтік коммуникациялар құралдарына:
  - «Парасат» газеті;
  - «Парасат» теледидарлық бағдарламасы;
  - университеттің Web-сайты: [www.nkzu.kz](http://www.nkzu.kz);
  - әлеуметтік желілердегі ресми топтар.

#### **12.5. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер**

86. б. Академиялық қауымдастық мүшелеріне әлеуметтік желілерде қарым-қатынас жасау кезінде этика нормаларын ұстану, университеттің білім беру және ғылыми мекеме ретінде беделіне қамқорлық жасау, оның беделі мен мәртебесін нығайтуға ықпал ету ұсынылады.

<b>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</b> <b>СКГУ им. М. Козыбаева</b>	<b>Тармақтарды өзгерту</b> <b>Изменение пунктов</b>	<b>Басылым: бірінші</b> <b>Издание: первое</b>
<b>Ішкі нормативті құжат</b> <b>Внутренний нормативный документ</b>	<b>СҚМУ ІНҚ 99</b> <b>ВНД СКГУ 99</b>	<b>13 беттің 35</b> <b>Стр. 13 из 35</b>

87. б. Медицинаның жоғары мектебінің білім алушыларына, интерндері мен ординаторларына емделушілермен немесе олардың жанында суретке түсіруге, сондай-ақ емдік профилактикалық мекемелерінде суретке түсіруге және бейне түсіруге тыйым салынады. Әлеуметтік желілерде немесе өзге де ашық көздерде пациенттердің деректерін, оқыту процесінде қол жетімді болған клиникалық жағдайлардың фотосуреттерін, аурулар тарихын және медицинаға оқыту процесіне байланысты жағдайларды жариялау мен талқылау этикалық жағынан мақұлданбайды.
88. б. Академиялық қауымдастық мүшелеріне, уәкілетті тұлғалардан басқа, университет қызметіне байланысты қоғамдастықтарды өз бетінше ашуға және әкімшілендіруге тыйым салынады.
89. б. Жұмыс орны ретінде университетті көрсете отырып, оқытушылар мен қызметкерлер әлеуметтік желілердегі барлық іс-әрекеттер, университеттің ресми өкілінің іс-әрекеті ретінде бағалануы және тиісті салдары болуы мүмкін.
90. б. Оқытушылар мен қызметкерлер әлеуметтік желілерде фотосуреттерді жарияламас бұрын олардың орындылығын бағалауы тиіс. Жұмыс процесіне елеменді бейнелейтін, оның құпиялылығын бұзатын фотосуреттерді жариялауға тыйым салынады. Көпшілік алдында ПОҚ, университет қызметкерлері мен әлеуметтік серіктестердің беделіне зиян келтіретін, агрессивті және өрескел фотосуреттерді орналастырудан бас тарту керек.
91. б. Оқытушылар мен қызметкерлер университет қызметіне байланысты барлық хаттарды Медиа орталыққа бағыттауы тиіс, университет атынан басылым, сайт, қауымдастық беттеріне өз бетінше түсініктеме беруге тыйым салынады
92. б. Оқытушылар мен қызметкерлерге әріптестері мен жалпы университет туралы сыни пікір қалдыруға, сондай-ақ бәсекелес жоғары оқу орындарын көпшілік алдында талқылауға тыйым салынады.
93. б. Әлеуметтік желілерде жұмыс істеу мәселелері туындаған жағдайда академиялық қауымдастық мүшелері Медиа орталықтың жетекшісіне хабарласуы қажет.
94. б. Оқытушылар мен қызметкерлері мессенджерлерде ресми қарым-қатынаста ресми хат стилін ұстануы, сұхбаттасушыға «Сіз» деп сөйлеп, өз ой-пікірін қысқа және анық баяндап, хат жазуды жұмыс уақыты бойынша сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін жүзеге асыруы, тек ерекше жағдайларда ғана дауыстық хабарламалардың көмегіне жүгінуі керек. Университеттің қызметіне қатысы жоқ мәтіндік, графикалық және басқа да қажетсіз хаттарды тарату түрлерін жасауға болмайды. Аса қажет болған жағдайда мессенджерлерде жаңа топтарды құру ұсынылады, кез келген басқа жағдайда жеке хабарлар мен бұрыннан бар топтарды пайдалану керек.

#### **12.5.1. Қашықтықтан оқыту немесе жұмыс істеу форматы кезінде онлайн-сессиядағы тәртіп**

- 94.1. б. Академиялық қауымдастық мүшелеріне қашықтықтан оқыту немесе жұмыс істеу форматында онлайн-сессияны (бейнебағымды трансляциялау) өткізу кезінде визуалды және сөйлеу этикетінің келесі қағидаларын және ережелерін сақтау ұсынылады:
- ресми дресс-кодқа сәйкес сыртқы келбетінің ұқыпты болуы;

М.Қозыбаев атындағы СҚМУ СКГУ им. М. Козыбаева	Тармақтарды өзгерту Изменение пунктов	Басылым: бірінші Издание: первое
Ішкі нормативті құжат Внутренний нормативный документ	СҚМУ ІНҚ 99 ВНД СКГУ 99	14 беттің 35 Стр. 14 из 35

- дене мүшелерінің ашық бөліктерін көрсетуге жол бермеу;
- экран кадрларында арандатушылық және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларының, оның ішінде киім мен фонда мораль нормаларын бұзатын бейнелер болмау үшін шараларды қабылдау;
- сленгті және балағат сөздерді қолданбау;
- осы курс бойынша білім алушы болып табылмайтын адамдарды трансляцияға тартпау;
- үй жануарларын көрсетпеу;
- назар аудартуға немесе сабақтың қалыпты жүрісінің бұзылуына немесе академиялық сипаттағы өзге де іс-шаралардың бұзылуына әкеп соқтыруы мүмкін кез келген өзге іс-әрекеттер жасамау.

94.2. б. Академиялық қауымдастық мүшесі көрсетілген талаптарды бұзған жағдайда оқытушы немесе академиялық немесе әкімшілік өкілеттіктері бар кез келген басқа тұлға тәртіп бұзушының осы сабаққа/іс-шараға қол жеткізуін тоқтатуы немесе оқшаулауы және сабақты/іс-шараны себепсіз өткізіп алу (болдырмау) фактісін бекітуі тиіс.

94.3. б. Аталған ережелерді бұзу сипатына қарай академиялық қоғамдастық мүшелері тәртіп бұзушыны тәртіптік жауапкершілікке тарту мақсатында Этика жөніндегі уәкілге немесе Этика жөніндегі комиссияға жүгінуге құқылы.

## 12.6. Сыйлықтар мен қызметтер

95. б. Оқытушылар мен қызметкерлердің олардан қандай да бір шешім қабылдауды күтетін тұлғалардан немесе ұйымдардан сыйлықтар, азық-түлік, өтініш, қызмет көрсету, ойын-сауық немесе материалдық құндылығы бар кез келген басқа да ұсыныстарды қабылдауға құқығы жоқ.

96. б. Сыйлық тыйым салынған көзден шығатын болса немесе қызметкердің немесе оқытушының лауазымдық жағдайына байланысты болса, оқытушылар мен қызметкерлерге тікелей немесе жанама тәсілмен сыйлықты талап етуге немесе қабылдауға тыйым салынады. Ерекшелік ретінде:

- іскерлік кездесу аясындағы бизнес-ланчтар;
- брендті кәдесый өнімдері – ашық хаттар, автоқаламдар, блокноттар, брелоктар, күнтізбелер және т. б.;
- М. Қозыбаев атындағы СҚМУ барлық қызметкерлері алатын түрлі қызметтер/өнімдер, жеңілдіктер болып табылады

## 12.7. Ресурстарды пайдалану

97. б. Академиялық қауымдастық мүшелері университетке кіру кезінде студенттік билетті немесе рұқсаттаманы күзет қызметіне көрсетуі тиіс.

98. б. Университеттер ресурстары тек университет атынан қызмет ету үшін ғана пайдаланылуы мүмкін. Оларды жеке пайда немесе жеке мақсатта пайдалануға тыйым салынады.

<b>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</b> <b>СКГУ им. М. Козыбаева</b>	<b>Тармақтарды өзгерту</b> <b>Изменение пунктов</b>	<b>Басылым: бірінші</b> <b>Издание: первое</b>
<b>Ішкі нормативті құжат</b> <b>Внутренний нормативный документ</b>	<b>СҚМУ ІНҚ 99</b> <b>ВНД СКГУ 99</b>	<b>15 беттің 35</b> <b>Стр. 15 из 35</b>

99. б. Академиялық қауымдастық мүшелері университеттің мүлкіне ұқыпты қарауға және университеттің мүлкін сатып алу, пайдалану, техникалық қызмет көрсету, есепке алу және иелік ету заңдары, саясаты мен рәсімдерін сақтауға тиіс.
100. б. Академиялық қауымдастық мүшелері кітапхана қорына ұқыпты қарау керек және оны пайдалану ережелерін сақтауы тиіс.
101. б. Университет аумағында есірткі заттарын қолдануға немесе таратуға қатаң тыйым салынады. Бапты бұзу дереу оқудан шығаруға немесе жұмыстан шығаруға әкеп соғады.
102. б. Университет аумағында темекі шегуге, спирттік ішімдіктерді ішуге, мас күйінде болуға қатаң тыйым салынады. Бапты бұзу оқудан шығаруға немесе жұмыстан шығаруға әкеп соғады.
103. б. Университет Қызметкерлер мен білім алушылардың дербес деректерін өңдеу және қорғау туралы ережеге сәйкес дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етеді.
- 103.1.б. Академиялық қауымдастық мүшелері университеттің құжат айналымы жөніндегі ережелерін және барлық қажетті құжаттарды сақтауға міндетті.
- 103.2.б. Академиялық қауымдастық мүшелері өз жұмыс орнын ұқыпты ұстау керек.

### **13. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ**

104. б. Ішкі корпоративтік қатынастарда жеке дауларға жол бермеу университеттің табысты қызметін қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.
105. б. Мүдделер қақтығысын болдырмау құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлердің міндеттері арасындағы міндеттерді нақты бөлуді көздейді.
106. б. Дауды шешу одан болатын шығын университет қызметі үшін барынша аз болатындай етіп жүргізіледі. Туындаған даулы жағдай қысқа мерзімде шешіледі.
107. б. Университетте екі жақты және көп жақты конструктивті келіссөздердің көмегімен қақтығыстарды шешу құпталады. Әлеуетті даулы жағдайлардың алдын алу ұсынылады.
108. б. Даудың туындауы туралы жағдайды жедел және тиімді шешу үшін мүмкіндіктері бар барлық тараптар хабардар етіледі.
109. б. Қақтығысты шешу кезінде әділдік пен рәсімдік адалдық қағидалары сақталады.
110. б. Іскерлік мәселелер бойынша шешімдер қабылдау қызметкердің немесе лауазымды адамның іс-әрекеттері университеттің мүдделеріне неғұрлым жоғары дәрежеде сәйкес келетіні туралы сайланбалы пікірге теріс әсер етуі мүмкін қандай да бір жеке, отбасылық және өзге де ойлармен ауырлатпауға тиіс.
111. б. Университет бөлімшелері арасында жанжал туындаған жағдайда, жанжалды шешудің басым бағыты жалпы ЖОО ретінде университеттің мүдделері болып табылады.
112. б. Бөлімшелерден ешқайсысы даулы жағдайды өз пайдасына шешудің ерекше құқығын пайдалана алмайды.



<b>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</b> <b>СКГУ им. М. Козыбаева</b>	<b>Тармақтарды өзгерту</b> <b>Изменение пунктов</b>	<b>Басылым: бірінші</b> <b>Издание: первое</b>
<b>Ішкі нормативті құжат</b> <b>Внутренний нормативный документ</b>	<b>СҚМУ ІНҚ 99</b> <b>ВНД СКГУ 99</b>	<b>16 беттің 35</b> <b>Стр. 16 из 35</b>

113. б. Жеке еңбек дауларын шешу үшін ВНД СКГУ 67 Жеке еңбек дауларын шешу бойынша келісу комиссиясы туралы ережеге сәйкес әрекет ететін, Келісу комиссиясы құрылады.

#### **14. КОДЕКСТІ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ**

114. б. Академиялық қауымдастық мүшелері кодексті білуге және сақтауға, университет қоғамдастығының алдында өз қызметі мен мінез-құлқы үшін жауапты болуға міндетті.
115. б. Кодекстің бұзылуы туралы академиялық қауымдастық мүшелері, стейкхолдерлер келесі арналар бойынша хабарлай алады: университет корпусарындағы сенім жәшіктері, университет сайтындағы ректордың блогы, басшылықтың атына жазбаша өтініш.
116. б. Кодекстің елеулі бұзылу фактісі анықталған жағдайда кеңестер мен комиссиялардың материалдары Хаттамамен ресімделуі және академиялық қоғамдастық мүшесінің жеке ісінде сақталуы тиіс.
117. б. Кодекс нормаларын бұзғаны үшін академиялық қоғамдастық мүшелеріне мынадай шаралар қолданылуы мүмкін:
- университеттің Тәртіптік кеңесінде талқылау;
  - Әдеп жөніндегі комиссияда талқылау;
  - Келісу комиссиясына жүгіну ұсынылады;
  - жария түрде кешірім сұрау ұсынысы;
  - көпшілік алдында сөгіс жариялау;
  - қоғамдық ұйымдарға жүгіну.

#### **14.1 ЭТИКА ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ ИНСТИТУТЫ**

- 117.2 б. Этика жөніндегі уәкіл университет ректорының бұйрығымен екі жылда бір рет тағайындалады.
- 117.2 б. Этика жөніндегі уәкілдің негізгі функциялары Этикалық кодексті сақтамау туралы мәліметтер жинау, академиялық қауымдастық мүшелері мен лауазымды тұлғаларға Этикалық кодекстің баптары бойынша кеңес беру, Этикалық кодексті бұзу бойынша дауларды қарауға бастамашылық ету және оларға қатысу болып табылады.
- 117.3 б. Этика жөніндегі уәкілдің:
- келіп түскен өтініштердің негізінде де, өз бастамасы бойынша да Этикалық кодекстің бұзылуын анықтау бойынша рәсімдерді жүргізуге бастамашылық етуге;
  - Этикалық кодексті сақтамау мәселелері бойынша академиялық қоғамдастық мүшелеріне және лауазымды тұлғаларға жеке жүгінуге;
  - академиялық қауымдастық мүшелеріне және лауазымды тұлғаларға Этикалық кодекстің баптарын түсіндіру және түсіндіруге құқығы бар.
- 117.4 б. Этика жөніндегі уәкіл:

М.Қозыбаев атындағы СҚМУ СКГУ им. М. Козыбаева	Тармақтарды өзгерту Изменение пунктов	Басылым: бірінші Издание: первое
Ішкі нормативті құжат Внутренний нормативный документ	СҚМУ ІНҚ 99 ВНД СКГУ 99	17 беттің 35 Стр. 17 из 35

- Этикалық кодексті бұзу мәселелері бойынша дауларды қарау рәсімдерін жүргізу кезеңінде, мұндай істерді қарауға бастамашылық ету себебі бойынша оларды мәжбүрлеп жұмыстан шығару жағдайы туындаған жағдайда академиялық қоғамдастық мүшелерін қорғауды қамтамасыз етуге (еңбек заңнамасымен белгіленген рәсімдер шеңберінде);
- Этикалық кодекске қатысты мәселелерді қарауға қатысуға;
- Этикалық кодекстің баптарын сақтамау мәселелері бойынша академиялық қоғамдастық мүшелерінің және лауазымды тұлғалардың, сондай-ақ стейкхолдерлердің өтініштерін есепке алуды жүргізуге;
- 5 (бес) жұмыс күні ішінде академиялық қоғамдастық мүшелеріне және стейкхолдерлерге Этикалық кодекстің ережелері туралы түсініктеме беруге;
- Этикалық кодексті сақтамау мәселелері бойынша дауларды қарауда тәуелсіздік пен әділдікті сақтау;
- Этикалық кодекстің баптарын бұзу фактісі бойынша өтініш жасаған академиялық қоғамдастық мүшелерінің және лауазымды тұлғалардың аты-жөнінің көрсетілмеуін қамтамасыз етуге міндетті (өзінің аты-жөнін көрсеткісі келмеген жағдайда).

## 15. **ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ**

118. б. Этикалық кодекске өзгерістер мен толықтыруларды бекіту тәртібі ПРО СКГУ 401-17 Ішкі нормативтік құжаттамасында анықталған.
119. б. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар бойынша ұсыныстар енгізуді: кафедралар, факультеттер, құрылымдық бөлімшелер, ректорат, Ғылыми кеңес жүзеге асырады.
120. б. Этикалық кодекске өзгерістер енгізу университет ректорының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

*М. Қозыбаев атындағы СҚМУ Ғылыми кеңесінің отырысында мақұлданған.*

20 19 ж. « 28 » 11 бастап № 6 хаттамасы

<b>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</b> <b>СКГУ им. М. Козыбаева</b>	<b>Тармақтарды өзгерту</b> <b>Изменение пунктов</b>	<b>Басылым: бірінші</b> <b>Издание: первое</b>
<b>Ішкі нормативті құжат</b> <b>Внутренний нормативный документ</b>	<b>СҚМУ ІНҚ 99</b> <b>ВНД СКГУ 99</b>	<b>18 беттің 35</b> <b>Стр. 18 из 35</b>

## **ЭТИЧЕСКИЙ КОДЕКС СКГУ ИМ. М. КОЗЫБАЕВА**

### **ПРЕАМБУЛА**

В течение многовековой истории университеты считали своей миссией не только образовательную и исследовательскую деятельность, но развитие и распространение этических норм и ценностей, не отделяя процесс приобретения знаний студентами от их культурного и гражданского воспитания, сохраняя единство специализированной подготовки и формирования мировоззрения в рамках целостной философии.

Современное образовательное пространство характеризуется разнообразием университетов, но суть их остается единой: они формируют и объединяют умы интеллектуальной элиты, сохраняют и расширяют ряды интеллигенции, укрепляют и развивают созидательные силы общества.

В условиях глобализации растет значение университетов как проводников актуальных демократических и социальных ценностей, в числе которых – свобода самовыражения и объединений, равенство доступа, ответственность перед обществом, власть закона, стремление к истине ради истины, неприятие и противостояние коррупции в высшем образовании.

Разделяя данные ценности высшего образования, поддерживая миссию университета и направляя свои действия на ее реализацию, члены академического сообщества Северо-Казахстанского государственного университета им. М. Козыбаева признают необходимость принятия Этического кодекса как неотъемлемой части институциональной и корпоративной культуры, а также культуры качества.

Область применения Этического кодекса:

- 1) Настоящий нормативный документ, состоящий из статей, содержит морально-этические принципы, нормы, правила поведения и делового общения в РГП на ПХВ «Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева» (далее – университет).
- 2) Настоящий Кодекс предназначен для обучающихся, профессорско-преподавательского состава, и сотрудников университета (далее – члены академического сообщества).
- 3) Этический кодекс направлен на формирование академической культуры университета, создание среди членов академического сообщества атмосферы взаимоуважения и доверия, содействующей эффективной образовательной деятельности и перспективному развитию Университета.
- 4) Повышение персональной ответственности членами академического сообщества за исполнение ими своих обязанностей и роли в реализации миссии университета. Настоящий Кодекс, является внутренним документом университета, доступен каждому желающему, и служит принципу открытости университета.
